

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне көші-қон мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 10 қараша N 255-II

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2337 U952337_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 68-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 2001 ж., N 8, 50, 54-құжаттар):

28-баптың екінші бөлігі "ішкі істер органдарының" деген сөздердің

алдынан "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Халықтың көші-қоны туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Z970204_

Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 341-құжат; 2001 ж., N 8, 50-құжат):

мынадай мазмұндағы 29-1-баппен толықтырылсын:

"29-1-бап. Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу

Көшіп келушілерді Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу Қазақстан Республикасының шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайы туралы заңдарында белгіленетін жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады".

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК